

**ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ ҮШІН  
ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІК ШАРТ**

Астана қаласы

«24» 01 2024 жылғы

«Білім беру ұйымы» деп аталағы Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі бұдан әрі «Колледж», 2022 жылғы 28 қарашадағы №22 сенімхат негізінде оның атынан әрекет етуші директор Адильжанов Ардак Адильгазыевич бір тараптан, «Мектеп» деп аталағы Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МҚК, мектеп Жарғысының негізінде оның атынан әрекет етуші директор Култаева Лязат Мухаметовна, екінші жақтан, бірге «Тараптар» деп аталағы осы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы осы Шарт жасасты.

**1. Дуальды оқыту туралы шарттың мәні**

- Осы дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 119 - бабымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қантардағы №50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13422 тіркелген) бекітілген дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларына және мектепке дейінгі (ұйымның) Жарғысының \_\_\_\_\_ тармағына сәйкес жасалды.
- Оку орны 2023-2024 оку жылы түсken білімалушылар 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» (мамандықтың коды және атауы) мамандығының біліктілігі 4S01140101 «Бастауыш білім беру мұғалімі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың окуын жүзеге асырады.
- Мектеп білім алушыны тиісті жұмыс жағдайлары бар білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика үшін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.
- Білім алушы өндірістік, еңбек функцияларын және тапсырмаларды білікті орындауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілікке ие болу үшін білім беру бағдарламаларын менгереді.

**2. Дуальды оқыту туралы шарттың әрекет ету мерзімі**

- Дуальды оқыту туралы шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойылған сәттен бастап қүшіне енеді және оку мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Мектепте осы дуальды оқыту туралы, білім алушының мектептің базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшаны толтырады.

Дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізде бұзылуы мүмкін.

- Білім алушыны жұмыс орнына қабылдау осы дуальды оқыту туралы шарттың негізінде шығарылатын басшысының бұйрығымен немесе мектептің құрылымды бөлімшесінің өкімімен рәсімделеді.

**3. Білім алушының құқықтары және міндеттері**

- Білім алушы:

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
- мектепте бекітілген жетекшісінің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оку залдары базасында окуға оку-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;
- өндірістік оқыту мен кәсіби практиканы өту барысында денсаулығына зақым келген зиянның етеуіне;
- белгілі бір мамандық бойынша біліктіліктің тиісті деңгейін тағайындау және белгіленген үлгідегі біліктілікті беру туралы күәлікті (сертификатты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім

алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» (Норматив құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №10348 тіркелген нысанға сәйкес алуға құқылы 8. Білім алушы:

- 1) өндірістік оқыту және кәсіптік практика орнында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтауға;
- 2) мектептің жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 3) өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтауға және орындауға;
- 4) өндірістік оқыту және кәсіби практиканың өту үшін белгіленген мерзімде кәсіпорынның қарауына келуге;
- 5) өндірістік оқыту және кәсіптік практиканың өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы күпия ақпаратты жария етпеуге;
- 6) өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканың өту туралы күнделік жүргізуге, тәлімгерге немесе практика жетекшісіне орындаған жұмыс туралы есеп беруге;
- 7) мектепке, оку орнындағы сабакқа хабарлау келмеген жағдайда бұл туралы мектепке, оку орнынға себебін айтып және ауру немесе жазатайым оқиға болған жағдайда, 3 күн ішінде тиісті медициналық анақтаманы жіберуге;
- 8) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін балабақшада ұйымдастыратын кіріспе және өндірістік нұсқаулықтан өтуге;
- 9) оку процесінің кестесіне сәйкес өндірістік оқудан және кәсіби практиканың уақытыны міндетті.

#### **4. Мектеп құқықтары және міндеттемелері**

9. Мектеп:

- 1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес күнтізбелік кестелерді және білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;
- 2) мектептің қажетtelіктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;
- 3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;
- 4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға құқылы.

10. Мектеп:

- 1) тәлімгерді бекітуге – өндірістік оқытуды және кәсіптік практикаға басшылық ететін өндіріс және қызмет көрсету саласындағы технологияларды менгерген мектептің білікті маманы.
- 2) оку орнымен бірге білім беру бағдарламасын, мамандық бойынша жұмыстың оку жоспарын, оку процесінің жылдық күнтізбелік кесте, дуальды білім беру шенберінде білім беру процесін қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын әзірлеу және келісу;
- 3) білім алушына дуальды оқытудан ету барысында, күпия және заңмен қорғалатын ақпаратты қоспағанда, арнайы киіммен (формамен), оқыту құралдарымен, қолданыстағы нормативтерге сәйкес шығыс материалдарымен, практикалық материалдар мен процеске қол жеткізуі қамтамасыз етуге;
- 4) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушыны еңбек қауіпсіздігінің әдістеріне оқытуды жүргізуге;
- 5) оку үдерісінің тізбесіне және (немесе) күнтізбелік кестеге, білім беру бағдарламаларына сәйкес өндірістік оқытуды және кәсіптік практика өткізу үшін жұмыс орындарын ұсынуға;
- 6) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеуге;
- 7) білім алушының еңбек тәртібін және мектептің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру үйімін хабардар етуге;
- 8) білім алушының жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапханаларды, сыйбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануға мүмкіндік беруге;
- 9) өндірістік оқыту және кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және дуальды оқытуды ету сапасын бағалауға;

- 10) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және шарттың талаптарына сәйкес білім алушыға өтемақы төлемін қамтамасыз етуді қарастыруға;
- 11) тиісті бос орын болған жағдайда, оқыған мамандығына (біліктілік) сәйкес жұмысқа қабылдау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектің кандидатурасын қарауга;
- 12) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін білім алушыға кіріспе және (немесе) өндірістік нұсқама өткізуге;
- 13) осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаға сәйкес білім алушылардың мектептің базасында өндірістік окудан және кәсіптік практиканан өтуін раставуға міндетті.

#### 11. Тәлімгер:

- 1) білім алушыны практикалық тәсілдерге және лауазымдық міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау әдістеріне оқытуға;
- 2) мектептен келісілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес білім алушыны оқытууды жузеге асыруға;
- 3) білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуына бақылауға;
- 4) білім алушыларға жіберілген қателіктерді анықтауға және бірлесіп жоюға, орын алған кемшіліктерді жоюға көмек көрсетуге;
- 5) білім алушының бойында өзінің кәсіби міндеттерін орындауга жауапты қарауға, сондай-ақ жұмыстағы әріптеріне дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға;
- 6) білім алушыдан өндірістік қызметпен байланысты мәселелер бойынша тапсырмаларды орындаудың талап ету;
- 7) білім алушыдан ауызша және жазбаша нысанда жұмыс есептерін талап етуге;
- 8) білім алушыға жұмысшы разрядын беру және оның кәсіби мінездемесін талқылауға қатысу туралы ұсыныс енгізуғе;
- 9) білім алушыға пікір жазуға;
- 10) осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаға сәйкес білім алушылардың кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік окудан және кәсіптік практиканан өтуін раставуға міндетті.

#### 5. Білім беру ұйымының құқықтары және міндеттемелері:

12. Оку орны осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындаудың талап етуге құқылы.

#### 13. Оку орны өзіне мынадай міндеттемелер алады:

- 1) оку процесінің тізбесіне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практиканан өту үшін білім алушыны мектепке жіберуге;
- 2) білім алушыны осы дуальды оқыту туралы шартта белгіленген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыруға;
- 3) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың оку жұмыс жоспарын өтудің білім беру бағдарламасын және күнтібелік кестесін кәсіпорынның мен өкілімен бірге әзірлеуге және келісуге;
- 4) оку орнының тиісті мамандықтары бойынша өндірістік оқыту шеберлері немесе оқытушылар арасынан оку орны басшысының бұйрығымен өндірістік оқыту және кәсіптік практика жетекшілерін тағайындауға;
- 5) білім алушылардың осы мектептің қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауына ықпал етуге;
- 6) білім беру бағдарламасы мен оку процесінің тізбесіне сәйкес білім алушының өндірістік оқыту, кәсіптік практиканан өтуін ұйымдастыру және мерзімді бақылауға;
- 7) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың өндірістік оқыту мен кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуға әдістемелік көмек көрсетуге;
- 8) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушының оку жетістіктері туралы мәліметтер беруге;
- 9) жазатайым оқығаларды, егер өндірістік оқыту және кәсіптік практиканан өту барысында білім алушының қатысуымен болған жағдайда тергеуге қатысу;
- 10) өндірістік оқытууды және кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтер үшін тәлімгерге ақы төлеуді жүргізу міндетті.

#### 6. Өтемақы төлемдерін толеу

14. Білім алушыға өтемақы төлемін кәсіпорын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңі үшін жузеге асырады.

15. Өтемақы төлеу көлемі мектептің үйғаруы бойынша белгіленеді.

### 7. Еңбекті қорғау

16. Мектептің студентті қауіпсіз жұмыс жағдайымен қамтамасыз етеді.
17. Мектепте оқыту, нұсқау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексереді, сондай-ақ жан басына шаққандығы қаржыландыру шенберінде меншікті және тартылған қаражат есебінен өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибелі қауіпсіз жүргізу бойынша материалдармен қамтамасыз етеді.
18. Білім алушы қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды орындауға міндетті.

### 8. Тараптардың жауапкершілігі

19. Тараптарға осы Келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылық жүктеледі.

### 9. Дауларды шешудің тәртібі

20. Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешу мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.
21. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

### 10. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзы тәртібі

22. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзертілуді мүмкін.
23. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң құшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.
24. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік реквизиттері:

#### Білім беру ұйымы:

Астана Халықаралық университетінің  
Педагогикалық колледжі  
Мекен жайы: Астана қаласы.  
І.Жансугиров көшесі, 4  
БИН 180440034965 Кбे 17  
Тел. 8-7172-50-16-13  
info@nsagk.org

#### Мектеп:

Астана қаласы әкімдігінің  
«Рақымжан Қошқарбаев атындағы  
№44 орта мектеп» ШЖҚ МКК  
Мекен жайы: Астана қ. Нұрлыжол көш., 8үй  
БИН: 001040001783  
тел.: 8 (7172) 50-68-43  
факс: 8 (7172) 50-68-09  
info@44sh.kz.edu.kz

Директор  
М.О. Адильжанов А.А.



Директор  
М.О. Култаева Л.М.

